

CAF

CENTRAL ASIA FASHION

SPRING-2024

11-13.03.2024

Almaty, Kazakhstan

г. Алматы, Казахстан

33 МЕЖДУНАРОДНАЯ ВЫСТАВКА МОДЫ INTERNATIONAL FASHION EXHIBITION

Создавая новые возможности

Spring-2024



Исследование: Қазақстандықтардың бірегей ерекшеліктері

Бұрын-соңды жүргізілмеген салалық зерттеу нәтижелері мен сараптамалық деректер Алматы қаласында өткен Central Asia Fashion Spring-2024 атты 33-ші Халықаралық сән көрмесіндегі бизнес-конференцияда көпшіліктің назарына ұсынылды. Наурыз мейрамының қарсаңында сарапшылар қазақстандықтардың бірегей ұлттық ерекшеліктері.



CAF бизнес-конференциясының спикерлері, Наталья Оспанова және Милена Ершова салалық зерттеу деректерін талқылауда Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып қазақстандық сарапшы Наталья Оспанова, Alvin Market зерттеу компаниялар тобының директоры және «Қазақстанның қоғамдық пікірді және нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының» (КАПИОР) президенті, Қазақстан халқының елді немен байланыстыратындары жайлы баяндады. Ел халқының бірегей ерекшеліктері қандай? Олардың мінез-құлық нормалары, тән қасиеттері, ұлттық өзін-өзі қабылдаулары, ұнататын дәстүрлері қандай?

Қазақстан халқының бірегей ерекшеліктері неде?

CAF бизнес-конференциясының спикері Наталья Оспанова атап өткендей, 2024 жылдың ақпан айының соңында жүргізілген онлайн-сауалнаманың нысаналы аудиториялық тобына еліміздің халық саны 200 мыңнан асатын 20 басты қалаларында тұратын 14-60 жас аралығындағы қазақстандықтар кірген. Сауалнамаға Қазақстанның облыстық маңызы бар басты қалаларының, сондай-ақ республикалық маңызы бар Алматы, Астана және Шымкент қалаларының тұрғындары қатысты. Сауалнаманы толтыру кезінде респонденттердің орыс немесе қазақ тілін таңдау мүмкіндігі болғаны да маңызды жәйт.

Зерттеу жүргізудегі бұл тәсіл халықтың әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтарын қамтып, Қазақстандағы қала тұрғындары бойынша көрнекілік деректерін жинауға мүмкіндік берді.



Наталья Оспанова, Alvin Market зерттеу компаниялар тобының директоры және «Қазақстанның қоғамдық пікірді және нарықты кәсіби зерттеушілер қауымдастығының» (КАПИОР) президенті

Сарапшы Наталья Оспанова зерттеу нәтижелері жайлы: «Бірінші кезекте, біз қазақстандықтарға халқымызға қандай қасиеттер тән деген сұрақ қойып, белгілі бір тізім ұсындық. Осы тізімнен рейтинг жасап, қазақстандықтардың өздеріне оң көзқараспен қарап, қонақжай, жомарт, ашық және көпшіл деп білетіндерін анықтадық», - деп баяндады.

«Зерттеу нәтижесінде қазақстандықтардың басты қасиеттерінің үздік ондығына негізінен жағымды қасиеттердің кіргені қызығарлық жағдай. Осылайша, сауалнамадан өткендердің 64% біздің басты ерекшелігіміз – қонақжайлылық деп есептейді екен. Маңыздылығы бойынша екінші кезекте – қазақстандықтардың бірегей ерекшелігі ретінде жомарттық көрсетілген – бұны сауалнамадан өткендердің 34% растады. Діншілдік, төзімділік, басқа адамдарға құрметпен қарау сияқты қасиеттерді сауалнамадан өткен қазақстандықтардың 29% атап өткен екен.



CAF бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.

Қазақстандықтарға тән қасиеттердің үздік ондығы

Бұл ретте, жалпы тізімде жалқаулық сияқты жағымсыз сипаттамалардың да болғанын назардан тыс қалдырмаған жөн. Рейтингте жалқаулық еңбекқорлықпен бір деңгейде көрсетілген. Жалқаулықты

Қазақстан халқының қасиеттерінің бірі ретінде сауалнамадан өткендердің 26% көрсеткен. Қазақстандықтардың бірегей қасиеттерінің рейтингінде жағымды саналатын, бірақ сауалнамадан өткендердің пікірінше біздің бойымыздан сирек байқауға болатын қасиеттер де бар. Ал осы жағымды қасиеттерге қаншалықты лайық бола алатынымызды көру одан қызығырақ болып тұр».

Қазақстандықтарға тән қасиеттердің қалған тізбесіне мұқият қарасақ, сауалнамаға қатысқандардың пікірінше қазақстандықтарға тән емес қасиеттерді атап өтуге болады. Оның ішінде: эмоцияға берілу, табандылық, әуесқойлық, бойсұну, үнемшілдік, аңғырттық, адал ниеттілік, білімдарлық және басқа қасиеттер. Бұл қасиеттердің әрқайсысы 13% аспады.

Зерттеу нәтижелері бойынша, қазақстандықтарға тәртіпсіздік, сараңдық сияқты жағымсыз қасиеттер тән емес екен, бұл қасиеттерді сауалнамадан өткендердің 13-14% ғана атап өтті. Дөрекілік, екіжүзділік, өзімшілдік, әдепсіздік сияқты жағымсыз қасиеттерді өз-өздеріне сыншыл көзқараспен қарайтын қазақстандықтардың небары 8-10% атап өтті.



CAF бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.
Қазақстандықтарға тән қасиеттердің үздік ондығы

Қорытындылайтын болсақ, CAF бизнес-конференциясының модераторы және fashion-сарапшы Милена Ершова, Қазақстан халқына тән негізгі қасиеттерді тізбектеп өтті: «Қазақстандықтардың басым көпшілігі қонақжай, жомарт, шектен шықпайтындай діншіл, шыдамды, еңбекқор, тәуелсіз, оптимист, жақсы әдетке бейім, жауапкершілік сезіміне толы, алайда өте жалқау екен. Бұл жасыру мүмкін емес, және қолға алып түзетуді қажет ететін қасиет».


Ұлттық өзін-өзі қабылдау

Сарапшы Наталья Оспанованың пікірінше, ұрпақтар сабақтастығы тұрғысынан қарағанда бұл ақпараттың одан да қызық бола түседі.

«Біз осы зерттеудің аясында әрбір жаңа ұрпақпен азая түсетін қасиеттерді іріктеп алдық. Мысалы, біз өзімізді қонақжай халық ретінде бағалаймыз, бірақ әрбір жаңа ұрпақтың келуімен бізге – яғни, қазақстандықтарға тән айрықша қасиеттің жоғалып бара жатқанын аңғардық. Атап айтқанда, қадірлі 55-60 жастағы қазақстандықтардың 84% өздерін қонақжай санайды, ал 19 жасқа дейінгі адамдарда бұл көрсеткіш әлдеқайда төмен – 55% құрайды. Демек, шын мәнісінде аға буын ғана қонақжай болып табылады екен.


Сонымен қатар, жас буын қазақстандықтар төзімділік және басқа адамдарға құрметпен қарау сияқты төл қасиеттерді де жоғалтуда. Бұған ерекше назар аударуымыз қажет, - дейді Наталья Оспанова.

Сауалнама деректері бойынша тәуелсіздік, оптимизм және эмоцияға берілу сияқты қасиеттер өзін-өзі анықтау жасына байланысты болып табылады: жасы неғұрлым кіші болса, көрсеткіштер соғұрлым төмен.



САҒ бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.
Қазақстандықтардың ұлттық өзін-өзі анықтауы

Бұл ретте, сарапшы әрбір жаңа ұрпақпен жиі аталатын қасиеттерге ден қойсақ, еңбекқорлық, жақсы әдеттер, жауапкершілік сезімі мен діншілдік сияқты қасиеттердің айқындала түсетінін атап өтті. Жауапкершілік сезімін 19 жасқа дейінгі қазақстандықтардың 22%, ал егде жастағылардың небары 3% атап өткен.



САҒ бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.
Қазақстандықтардың ұлттық өзін-өзі анықтауы

Сарапшы Наталья Оспанова деректердің ең соңғы оң жақ қатарына қарайтын болсақ, КСРО заманында дүниеге келген, бойына белгілі бір стереотиптер мен нұсқамалар тән болып табылатын бұынды байқауға болатынын атап өтті. Сауалнама нәтижелері әрбір келесі ұрпақтың келуімен қоғам өзгеріп, өздерін мүлде басқаша бағалайтындарын көрсетіп отыр.

Ұлттық өзін-өзі қабылдау мәселесі бойынша қорытындылай келе, САҒ бизнес-конференциясының модераторы және fashion-сарапшы Милена Ершова былай деді: «Қазақстандықтарға тән қасиеттердің

ұрпақтан ұрпаққа өзгеріп отырғаны анық. Демек, болашақта жалпы қазақстандықтардың «бейнесі» айтарлықтай өзгеруі мүмкін».

Ата-бабаларымыз туралы жады және Қазақстан халқы елді немен байланыстырады?

CAF бизнес-конференциясында ұсынылған салалық зерттеу деректерінің негізінде қазақстандықтардың елімізді немен байланыстыратындары анықталды. Қазақстан халқы елді немен байланыстырады екен? Респонденттер: Қазақстан туралы ойлағанда ойыңызға бірінші болып түсетін 3 нәрсені атаңыз деген сұраққа жауап берді. Бұл сұрақ барлық респонденттер үшін ашық болатын, яғни, олардың барлығы кез келген сөзді, сын есім немесе сөз тіркесін пайдалана алды.

Сауалнама деректерінің негізінде Қазақстан тұрғындарының елді немен байланыстыратындарына қатысты сөздер мен сөз тіркестерінің рейтингін құрап, тегтер жиынтығы түрінде көрсеттік. Яғни, сөз неғұрлым үлкен болса, сәйкесінше жиі аталған. Неғұрлым кіші қаріппен көрсетілсе, соғұрлым сирек айтылған, - деп сарапшы Наталья Оспанова ұсынылған және шығармашылық тұрғыдан жақсы бейнеленген деректермен бөлісті.

Айтылған пікірлер өте алуан түрлі болды, сондықтан біз оларды жинақтап, жіктеуге тырыстық. Нәтижесінде, біз еліміздің жалпы бейнесі көпфакторлы: табиғи ресурстарға, дәстүрлі мәдени құндылықтарға және қонақжайлылықтың маңыздылығына бейім екенін байқадық. Бұл ретте, қазақстандықтар елімізде әлеуметтік мәселелердің де барын жақсы түсінеді. Мысалы, сыбайлас жемқорлық. Біз ұсынып отырған тегтер жиынтығында жағымсыз пікірлердің ішінде сыбайлас жемқорлық өте айқын көрсетілген. Сондай-ақ, қазақстандықтар басым сөздер қатарында отансүйгіштік пен ел тәуелсіздігінің құндылығын көрсетіп отыр. Шын мәнісінде, бұл қазақстандықтар үшін Қазақстан елінің құндылығы неде және ненің есебінен болып отырғанын айқындайды.

Назовите 3 ассоциации, которые приходят Вам в голову, когда Вы думаете о Казахстане

AL IN MARKET
НЕСТАНДАРТНЫЕ МАРКЕТИНГОВЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ



CAF бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.

Қазақстанды немен байланыстырасыз?


Сарапшы Наталья Оспанова зерттеу барысында тарихпен байланысты мәнмәтін туралы бірегей деректердің алынғанын атап өтті. Яғни, қазақстандықтар өз тарихы мен шығу тегіне қаншалықты қызығушылық танытады?

«Зерттеу нәтижелері бойынша біз қазақстандық отбасылардың 41% өздерінің генеалогиялық шежіресі туралы білетіндерін нық сеніммен айта аламыз. Яғни, олар өздерінің арғы аталары, шығу тегі туралы ақпаратты біледі және оны жинақтайды, - дейді Наталья Оспанова. Сонымен қатар, әртүрлі әлеуметтік және демографиялық топтар тұрғысынан қарайтын болсақ, жастар мұндай ақпаратты алуға үлкен қызығушылық танытады және өздерінің отбасылары туралы осындай мәліметтерді біледі. Әсіресе, 25-29 жас аралығындағы адамдардың мұндай ақпаратқа айрықша қызығушылық танытатындарын байқауға болады, сауалнамадан өткен респонденттердің 58% өз отбасыларының тарихына қызығушылық танытады. Ал бұл, біз білетіндей, отбасын құруға болатын орташа жас болып саналады.

НАСКОЛЬКО важна **память** о предках

41%

СЕМЕЙ СОСТАВИЛИ
ГЕНЕАЛОГИЧЕСКОЕ ДРЕВО,
СОДЕРЖАЩЕЕ РОДОСЛОВНУЮ И ОТРАЖАЮЩЕЕ
ИНФОРМАЦИЮ О ПРЕДКАХ



Составлено ли в Вашей семье генеалогическое древо, содержащее Вашу родословную и отражающее информацию о Ваших предках?

AL IN MARKET
ИСТРАДИТЕЛКЕ НАРТИСЫӨБЕ ИСЛЕДДАМА

CAF бизнес-конференциясында Наталья Оспанованың презентациясынан алынған слайд.

Ата-бабаларымыз туралы жады қаншалықты маңызды

Сонымен қатар, біз негізгі тілдесу тілі қазақ тілі болып табылатын отбасыларда бұл ақпаратқа деген қызығушылық үлкен құрметпен сақталатынын байқадық. Әсіресе, бұл ресми некеде тұратын және жоғарғы әлеуметтік тапқа жататын адамдарға тән болып шықты».

Сондай-ақ, зерттеу нәтижесінде сарапшылар этникалық қазақтардың 95% өздерінің қай жүзге және қандай руға жататындарын жақсы білетіндері анықталды. Бұл ретте, әртүрлі әлеуметтік-демографиялық топтар тұрғысынан қарайтын болсақ, 19 жасқа дейінгі қазақстандықтардың жас буыны бұл мәселені 100% білетін болып шықты.

Релиз деректерін пайдалану кезінде дереккөздің көрсетілуі міндетті: Central Asia Fashion халықаралық сән көрмесінің бизнес-конференциясы.

Фотосуреттерді пайдаланған жағдайда көрсету қажет: Central Asia Fashion баспасөз қызметі.

Материалдарға қатысты барлық айрықша құқықтар CAF халықаралық сән көрмесінің ұйымдастырушыларына - САТЕХРО ЖШС тиесілі.

Фотосуреттерге қатысты барлық құқықтар авторлық және сабақтас құқықтар туралы қазақстандық және халықаралық заңнамамен қорғалған.